



Ағылшыннан бейресми аударма

ЕУРОПА ОДАҒЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӨКІЛДІГІ

Елші, Қазақстан Республикасындағы ЕО Өкілдігінің Басшысы Аурелия Бушез ханымның сөйлеген сөзі
Дөңгелек үстел, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі

Астана, 17 маусым 2013 жыл

Құрметті Премьер-Министрдің Орынбасары,
Құрметті Министр,
Жоғары мәртебелілер,
Ханымдар мен мырзалар!

Мен Сыртқы істер министрі Ыдырысовқа осы кездесуді ұйымдастырғаны үшін алғысымды айтықым келеді және Премьер-Министрдің Орынбасары Исекешевке жасаған тұсаукесері үшін ризашылығымды білдіргім келеді.

ЕО Өкілдігі Қазақстан Республикасына бизнес үшін ұзақ мерзімді оң климатты және елге инвестицияларды қамтамасыз ету мақсатында жұмсап жатқан күшіне қолдау көрсетуге бейілді.

1-3 маусымда Астанаға өзінің сапары барысында Еуропа Комиссиясының Төрағасы Жозе Мануэль Баррозу ашық және оң бизнес климаты үшін Қазақстанға өзінің ризашылығын және оны одан әрі жетілдіруге Еуропа одағының үлес қосуға дайындығын білдірді.

Соңғы айлары Сыртқы істер министрі Ыдырысовтың шақыруы бойынша өткен алдыңғы кездесу барысында ЕО Өкілдігі бірқатар прагматикалық ұсыныстар жылжытуда әріптестеріне қосылды. Осы ұсыныстардың арасында инвестициялық климатпен байланысты мәселелер бойынша шетелдік бизнес қауымдастығы мен Қазақстан Үкіметі арасындағы байланысты қолдау үшін бірыңғай пункт құру туралы ұсыныс болды.

Бұл түпмәтінде біз алға маңызды қадам ретінде ерте сатыдағы проблемаларды шешу мақсатында Инвестициялық омбудсмен құруды қараймыз.

Премьер-Министрдің Орынбасары Исекешев жаңа ғана атап өткендей бұл ұсыныс халықаралық тәжірибеге негізделген. Еуропа Одағының шеңберінде біздің мемлекеттер пайдаланатын тәсілдердің айырмашылықтары шамалы, негізгі тармақтары – ортақ. Байланысты қолдауға арналған бірыңғай пункт тұжырымдамасы тиімділікті арттырады және қолдауға тұрарлық. Бұл Қазақстанның ЕҚЫҰ және ДСҰ стандарттарымен және талаптарымен жақындасуға бейілділігін көрсетеді.

Бұл жаңа институт Қазақстан Президентінің төрағалығымен Шетелдік инвесторлар кеңесінің және Премьер-Министрдің төрағалығымен бизнес климатты жақсарту жөніндегі кеңестің негізінде құрылған құрылымды аяқтауға бағытталғанын түсінеміз.

Инвестициялық омбудсмент институтын Премьер-Министр Орынбасарының қарамағында құру жоспарланғанына біз қуаныштымыз. Сондай-ақ біз мемлекеттік және жергілікті органдарды және оған қызмет көрсететін әкімшіліктің жоспарланған құрылымын қоса алғанда, жеке субъектілермен тығыз байланыстар орнатуға ниетімізді білдіреміз.

Әрине, осы алғашқы дипломатиялық бірлестікпен консультациялар сатысында Қазақстан Үкіметіне ризамыз, жаңа институт пен мемлекеттің басқа органдары (Премьер-Министр Орынбасары, жоғары органдар, Парламент) арасындағы қарым-қатынастарды қоса, кейбір мәселелер ашық қалады. Мысалы, егер кез келген проблеманы шешу және оның қайталануын болдырмау үшін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет болса бұл өте маңызды болуы мүмкін.

Басқа мәселелерге келсек, мысалы – жоспарланып отырған жаңа Кәсіпкерлердің ұлттық палатасы, біз толығырақ ақпарат алғымыз келеді. Ұсақ-түйекті де назардан тыс қалдыруға болмайды. Осы жаңа органның жауапкершілігі мен өкілеттігінің өте үлкен аясына қатысты бір сұрақ туындайды. Екіншісі қаржыландыруға, әртүрлі мөлшердегі компаниялармен және қызмет секторларымен қарыс-қатынас жасауға, сондай-ақ шетел инвесторларына қабылданатын тәсілге қатысты.

Басқа мәселелер бойынша ЕО-ның бірыңғай бір шаблону жоқ, себебі ЕО әртүрлі мүше-мемлекеттерінде әртүрлі практика. Бірақ осы ерте сатыда біз екі аса маңызды сәтті айқындай аламыз: бұл жаңа жүйеде барлық компаниялар мөлшеріне және шығуына қарамастан өздеріне жақсы сезінуге тиіс, лайықты болған жерде - мүмкін арнайы ережелер арқылы, барлық қатысушылар прагматикалық тәсілді қолдануға тиіс деп ойлаймын. Инвестициялық омбудсментпен қатынастарды айқындау қажет

ЕО Өкілдігі ЕО мүше-мемлекеттерімен ынтымақтастықта бұдан әрі де Қазақстанға тікелей инвестицияларды көбейту және қолдау мақсатында осы мәселелер бойынша кез келген кейінгі алмасуға қатысуға дайын.